

Анкара қаласында Абай Құнанбайұлы атындағы екінші симпозиумы және жас ғалымдар мен зерттеушілердің съезі өтуі.

2018 жылдың 9-14 қарашасында Анкара қаласында «Абай Құнанбайұлы атындағы қазақ тарихы, мәдениеті және әдебиеті» тақырыбында Экономикалық даму және әлеуметтік зерттеулер институты жанындағы Әл-Фарабидің екінші симпозиумы және жас ғалымдар мен зерттеушілердің съезі өтті.

9-14 қарашада Анкара қаласында өткен екінші симпозиумды Экономикалық даму және әлеуметтік зерттеулер институты ұйымдастырды. Іс-шараның тақырыбы - Қазақстанның тарих, мәдениет және әдебиеттің халықаралық дамуына арналған.

Симпозиумға «Көркем білім» кафедрасының магистр оқытушысы Базар Ырыстанұлы өз қаражатымен қатысты. Жас оқытушы, магистр «Түркі мемлекеттігінің мәдени мұрасы қазақ халқының өнерін дамытудың негізі» тақырыбында ғылыми баяндама жасады.

Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің, атап айтқанда Өнер, мәдениет және спорт институты жұмысының басты бағыты - білім берудің жаһандық сапасына сәйкес келетін жас жоғары білікті мамандардың оқу үрдісін қалыптастыруды қамтамасыз ететін кадр саясаты. Магистранттардың, докторанттар мен профессорлық-оқытушылық құрамдары әртүрлі халықаралық симпозиумдарда, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға және жобаларға қатысып, халықаралық деңгейде университетімізді танытуға мүмкіндік жасауда.



